



MATERIÁLY

XII MEZINÁRODNÍ VĚDECKO-PRAKTICKÁ KONFERENCE



NASTOLENÍ MODERNÍ VĚDY- 2016

27.09.2016 – 05.10.2016

Díl 4



Praha
Publishing House
«Education and Science» s.r.o.



OBSAH
FILOLOGIE

Rétorika a stylistika

**Ерманова С.Б. ЖҮСП БАЛАСАҒҰН «ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫНЫҢ
ТӘРБИЕЛІК МӘНІ 3**

Syntaxe: struktura, sémantika, funkce

**Вовк А. В. ЕКСПРЕСИВНИЙ СИНТАКСИС В ЩОДЕННИКАХ О.
ГОНЧАРА 10**

**Солтанбекова А.А. НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ
НЕРЕГЛАМЕНТИРОВАННОЙ ПУНКТУАЦИИ 13**

**Черкасова Н.А. ОСОБЕННОСТИ АВСТРИЦИЗМОВ-ЖАРГОНИЗМОВ
(НА ПРИМЕРЕ «ОФИЦИАНТ»)..... 17**

Nativní jazyk a literatura

**Ковальчук М. С СЛОВОТВІР КОСМЕТИЧНОЇ ТЕРМІНОЛОГІЇ
УКРАЇНСЬКОЇ МОВИ 20**

**Малкова Т.Ю, ГОГОЛЕВСКИЕ ТРАДИЦИИ В ИЗОБРАЖЕНИИ
ДЕМОНИЧЕСКИХ ОБРАЗОВ В РОМАНЕ М. А. БУЛГАКОВА «МАСТЕР
И МАРГАРИТА»..... 24**

PHILOSOPHY

Filosofie literatury a umění

**Кокеева Д.М., Исакова З.Е., Пернекулова М.М. ҚАЗАҚ-ҮНДІ
ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ҚОҒАМ ДАМУЫНА ҚОСҚАН АҒАРТУШЫЛЫҚ
ҮЛЕСТЕРІ (АБАЙ ЖӘНЕ Р. ТАГОР МЫСАЛЫНДА)..... 31**

Sociální filozofie

Д.М. Кокеева¹, З.Е. Исакова², М.М. Пернекулова³

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы

¹ dmkbuddy@mail.ru, ² zaure_india@mail.ru, ³ wavenika@mail.ru

ҚАЗАҚ-ҮНДІ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ҚОҒАМ ДАМУЫНА ҚОСҚАН АҒАРТУШЫЛЫҚ ҮЛЕСТЕРІ (АБАЙ ЖӘНЕ Р. ТАГОР МЫСАЛЫНДА)

Аннотация. Мақалада қазақ-үнді ойшылдарының философиялық еңбектеріндегі негізгі элеуметтік-философиялық, ағартушылық бағыттар айқындалған. Сондай-ақ, адам өмірінде негізгі орын алатын іс-әрекеттер мен элеуметтік құндылықтарға талдау жасалынған.

Кілт сөздер. Философия, дін, қоғам, әдебиет, таным.

Мақала 2015-2017 жж арналған «Қазақ-үнді ойшылдар мұрасындағы рухани үндестік» шетелдік ғалымдармен бірлескен қолданбалы ғылыми зерттеу жұмысын қаржыландыру жобасы негізінде дайындалды.

Өз философиясын Батыс пен Шығыс дүниетанымымен қанықтырған Абай алғаш рет қазақтың қоғамдық ой тарихында даму және қозғалыс идеясының мәнін түсінді. Бұл көзқарас тұрғысынан ол өз халқының тағдыры мен болашағын, қазақтардың мәдени-шаруашылық нұсқасын өзгерту мүмкіндіктерін, ондағы көшпенді, отырықшы және жартылай көшпенді шаруашылық әдістерінің орнын пайымдады, қоғамның рухани, саяси, экономикалық өмірін қатаң сынға алды. Келешекте қазақ этносының даму жолдарын болжап, ғылым мен білімнің қоғам дамуындағы орны, еңбектің тіршілік көзі ретіндегі маңызы жайлы ойларын халық талқысына салды.

Өз халқының тағдыры, ұлттық рухы, бостандығы, мінез-құлқы ұлы ақынды ерте толғандырды. Ол қазақты мақтаныш тұтты және оған көңілі толмай налыды, этностың имандылыққа жетуі жайын ойлап мазаланды.

Абай үшін адам мәселесі негізгі философиялық мәселе болып табылады, осыдан оның ізденістерінің этикалық бағытын түсінеміз. Толық жетілген адам – арлы, адамгершілік қасиеті жоғары, еңбекқор, білімді, сабырлы, иманды, қанағат пен